

IM V ?

¥

KICEH

RS
=



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ABAI INTERNATIONAL CLUB

**«АМАНАТ» кітапханасының
редакциялық кеңесі**

Роллан Сейсенбаев
Қазақстан
Бас редактор –
Кеңес басшысы

Әбіш Кекілбаев
(Қазақстан)
Ак Вельсапар
(Швеция)
Аятолла Хьюбш
(Германия)
Виктор Баранов
(Украина)
Владимир Берязев
(Ресей)
Иманғали Тасмағамбетов
(Қазақстан)
Клара Серікбаева
(Қазақстан)
Кэндзабуро Оэ
(Жапония)
Леон Робель
(Франция)
Мұхтар Құл-Мұхаммед
(Қазақстан)
Олжас Сүлейменов
(Қазақстан)
Пенти Холоппа
(Финляндия)
Петр Дуткевич
(Канада)
Рауль Мир-Хайдаров
(Татарстан)
Ричард Мак Кейн
(Ұлыбритания)
Рустем Жангужин
(Украина)
Сингара Исихара
(Жапония)

АҚ ЖАЙЫҚ КІТАПХАНАСЫ

**ЖҰБАН
МОЛДАҒАЛИЕВ**

**КІСЕН
АШҚАН**

Поэмалар



РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ • 2014 • ШИЛІ ӨЗЕК

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-5
М 66

«АМАНАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері, тарихы, фәлсафасы,
білімі, һәм діні

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен
Халықаралық Абай клубы жанындағы
ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ИНСТИТУТЫ

ҰЛЫ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР МЕН ОЙШЫЛДАР АЛЛЕЯСЫ

ПОЭЗИЯ

I — XXI ғғ. СЕРИЯСЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҺӘМ ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІ:

Әбіш Кекілбаев, Аңсар Мұсаханов, Бағдат Шаяхметов, Бахытбек Байсейтов, Ғалым Мұтанов, Дәулет Тұрлыханов, Юрий Шевченко, Елеусін Сағындықов, Ерлан Арын, Жексенбек Әділов, Клара Серікбаева, Никола Попович, Нұрлан Ноғазев, Роллан Сейсенбаев (төраға).

Серияның негізін салушы, көркемдік ойдың
жетекшісі, жалпы жобаның авторы:

Роллан Сейсенбаев

Құрастырушы һәм жауапты редактор:

Клара Серікбаева

Баспа орталығының меңгерушісі:

Батима Малаева

Көркемдеуші редактор:

Назар Оралбай

Техникалық редактор:

Асқар Сейітбеков

Корректор:

Жазира Нұрғожина

Беттеуші:

Жансая Мұсабекова

Назым Роллан

«Ақ Жайық кітапханасы» сериясына қолдау көрсеткен Батыс Қазақстан облысының Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапханасы мен «Жайық Пресс» орталығы.

*Кітаптың мұқабасындағы Жұбан Молдағалиевтің портретін салған —
Қ. Оразғалиев.*

М 66 Молдағалиев Жұбан

КІСЕН АШҚАН: Поэмалар. —

RS; Халықаралық Абай клубы, 2014. — 348 б.

© Жұбан Молдағалиев, 2014

© Халықаралық Абай клубы, 2014

© ЖК «RS», 2014

ISBN 978-601-7294-30-4



*Мен — қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбимін бесікте үілдеген,
Дәуірлермен құрдасын, данамын мен.*

КІТАП — ЕҢ САБЫРЛЫ ҮСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі — бейбітшілікті, екіншісі — руханиятты, үшіншісі — табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет күмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ, адамзат алдында мәдгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын меңгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңғаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамда болып жатқан ақиқаттан алыстатып, адамды — моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа белшесінен батырды.

Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз — Жер-бесігімізде төтенше өзгертулер енгізуді талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

Кітап — адамзат баласына ағарту, білім сыйлай береді.

Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қилы құпия сырлары сақталған.

Кітап — уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.

Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тансырған. Кітап біздің алға жылжуымызда, катаклизмдерден арылуымызда, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап — ең сабырлы ұстаз.

Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның аражігін айнытпай танып білуге үйретеді.

Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «AMANAT» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудағы ұлағатты бастамасына шын жүрегіммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен мәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстанның ұлтжанды, нағыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.


Жаңа басылымға ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін. «AMANAT» журналының 200 томдық Кітапханасы — Әлем халықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік құбылыс.

Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Президенті

14 наурыз, 2001 жыл. Астана



ҚАСТЕРМІ ТІЛЕУ ҚАБЫЛ БОЛСЫН

Ақ Жайық — шырайлы шежіре, армандай аңыз өлке. Әріден қозғасақ, махаббаттың падишахы мен падишасындай Төлеген мен Қыз Жібектің ғашықтық жырлары тілге оралатын, жырлап тауыса алмайтын ғажайып дастандардың Отаны. Еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып өткен айбоздар елі. Махамбеттің атойлатып, ат ойнатып, арманда өткен мекені. Күй атасы Құрманғазының, домбыра дидар Динаның ізі қалған аймақ.

Алып жыраулар асыл жырларын төккен ұлы мекен. Сырым батыр ұлт бостандығы үшін орыс армиясымен шабысқан әйгілі сары дала.

Әрине, көнеден қалып, ғасырлардың қалтарысында шаң басқан жауһарлардың иесі — халық, оны сары майдай сақтаған, сөйтіп кейінгі ұрпағына жеткізген де сол бабаларымыздың өзі.

Техника мен технология төрімізге шыққан мынау заманда, біз сол бабалардан жеткен баға жетпес мұраны қадірлеп, қасиеттеп бүгінгі ұрпақтың құлағына сіңіріп, келер заман иелеріне аманаттауымыз керек.

Ақжайық атырабында келер күнге, біздің орнымызды басар ұрпаққа ұсынар қадірлі дүние жетерлік. Тек, соны қағазға түсіріп, қай-қай жағынан жарқырата көрсетіп ұсынар ниет, жанкешті де жанашыр ізденіс, талғаусыз қызмет қажет.

Сынаптай жылжыған жылдар көлеңкесінде қалып, саясаттың салқынына ұрынған, халық көзінен бүркемеленіп келген жосын таланттар біздің өлкемізде өте көп. Сондай асылдардың бірі — Ғұмар Қараш. Жарық дүниеде небәрі 47 жыл ғұмыр кешкен осынау

аяулы жан әдебиетке, мәдениетке, жалпы ұлтымыздың рухани байлығына өлшеусіз үлес қосып кеткен болмысы бөлек тұлға.

Ақ Жайық аймағы таза сезім мен ақиқат артқан сөздерді қашайтын ақын-жырауларға кенде емес дедік сөз басында. Шынында да, бұл өңірден сөзден сарай соққан, ауыздарымен құс тістеген талай сайыпқыран өткен. Жылдар қалтарысында кейіндеп қалған сол жауһарларымызды жарқыратып жалғанның жарығына ұсынар кезек келді.

Халықтың айбары мен айдары болған сол айбоздардың еңбегін аламан жұртқа ұсынғалы отырған осынау қадамға сәттілік тілеймін.

Әлемге әйгілі қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаев Алатаудан Маңқыстауға, Ұлытаудан Алтайға дейінгі ұлан-ғайыр Дешті Қыпшақ даласының Асылдарының сөздерін тырнақтап жиып «Ұлы Ақын-Жазушылар мен Ойшылдар Аллеясы» сериясын өмірге әкелуі көзсіз ерлік екені даусыз. Бұл текетірес қазақтың рухын әуелетуге, намысын қайрауға арналған үлкен жазушының рухани ұмтылысы. Ақ Жайықтың қазақ деп соққан жүрегі бар Асылдарының бәрі де бір ой, бір сана, бір намыс арнасына жиналуын көру қандай ғажап құбылыс. Ұлы Дешті Қыпшақ даласының ұлы жырауларының қуатты үндері атойлап Ақ Жайық өлкесін ән мен жырға кенелтуін тілеймін.

«AMANAT» журналының сериясымен шығатын кітаптардың тұсауын кесерде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!» — деп ағынан жарылыпты. Бұл қастерлі тілеу. Сол тілеу қабыл болсын, ойлы оқырман!

«Ақ Жайық кітапханасы» біздің өлкеміздің рухани брендіне айналып кеткенін біз енді мақтан етеміз.

Қайран Ақ Жайықтың асыл жыраулары!

Қайран Ақ Жайықтың батыр ұл-қыздары!..

Нұрлан НОҒАЕВ,

Батыс Қазақстан облысының әкімі



МЕН ҚАЗАҚПЫН

I

Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен — қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен — жігітпін, айқасқа, сынға асықпын
Жүрегі бар кеудемде шын ғашықтың.
Жанартаудай жойқынмын жұлқынғанда,
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым.

Мен — қара көз сұлумын, сайтан қызбын
Сайрай қалсам, тілімнен бал тамғыздым.
Сүйер болсам, өмірдей өле сүйдім,
Қас батырмен қайрасқам балтам жүзін.

Осындай боп, білмеймін, кімнен тудым.
Бәлки қайсақ, бәлки бір гуннен тудым.
Деп шатыпты біреулер «күннен тудым».
Жоқ, сірә, мен қара құл, күннен тудым.

Руым көп солардың аттарындай,
Мінезім бар таулардың қатнарындай.

Ән-жырым бар бабалар хаттарындай,
Әжімім бар бейнеттің таптарындай.

Қаза тапқан солдаттай ізгі өлімнен,
Қалалар да өтіпті түз белінен.
Қаңқалары табылып жатыр қазір
Соғыстар мен жорықтар іздерінен.

О замандас, соларға бір қараңыз:
Әр кірпіші, әр тасы бір қора аңыз.
Өлгендерді тірілтіп, өмірлі етіп,
Өшкендерді табатын бір ғана біз.

Мирасы ма, мұра ма аз ба со да?
Алынбайды алтындай қазбаса о да.
Тереңім көп, тұңғыық тарихым көп,
Жылдар көші том-томдап жазбаса да.

Жаза алмадым, қайтейін, хат білмедім.
Білдім бірақ найза мен аттың белін.
Ат үстінде ұмыттым кедейлікті,
Ат үстінде өлсем мен шатпын дедім.

Жетпеген жоқ ғылымға зеректігім,
Сезбеген де емеспін керектігін.
Қала бердім жарыққа жол таба алмай,
Қараңғыға тас батып ер екпінім.

Кейін білдім жердің де шар екенін,
Өз елшемі, өз шегі бар екенін.
Көк өгіз деп көтеріп тұрған соны,
Ысырап боп жүріпті «бәрекелдім».

Ұзақ ұйықтап тұмса түз бесігінде,
Естімеппін Архимед есімін де.
Жерді үйіру қиялы былай тұрсын,
Жемісі де тимепті несібеме.

Танытпады надандық Сократты,
Гөмерді де көп ғасыр тоқыратты.
Көзім басыр болса да, ойым көргіш
Мен де ақын ем өзіндей сол бір қарттың.

Келсеші ғой далама бұрын олар,
Коперниктер, Джордано Брунолар!..
Қапы кетті қаншама ұл-қыздарым,
Бағы жанса, солардың бірі болар.

Арылмады басымнан замана-түн,
Үйіп-төгіп жазымыш жаманатын.
Европадан жетпіс жыл соң оқыдым
«Коммунистік манифест» ғаламатын.

Соң оқыдым, талайдан бұрын ұқтым,
Түннен күнге күрт басып бұрылыппын.
Бір бөлшегі болғаным қандай бақыт
Россиядай, Лениндай ұлылықтың!

Ал бүгін ше? Бүгін мен азаматпын,
Жаза алатын, ғылымды қаза алатын,
Жаза алатын дүниелік дастандарды,
Жаза алатын тарихқа қазақ атын.

Атымның да кеше ғой танылғаны,
Оған дейін не таңба таңылмады?
Солар жайлы ойлансын ұрпағымыз —
Шолпан қызы, шапақты таң ұлдары.

II

Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

— Жоқ, ондай ел болмайды жер бетінде
Мал соңында құл емей желдейтін не?
Мен — Шыңғыс хан, атыңды өшіремін.
Менмін сені тірілей жерлейтін де!..

Екі айтпайды хан тақсыр, бір кеседі,
От көссе де қолымен, бір көседі.
Қылышына ілініп қылша басым,
Әр шапқыншы қолында жүр кесегі.

Шегірткедей қаптаған ат тұяғы
Тозаңдатып талқандап жатты ұямды.

Ит үрікті түтеген түтіндерден,
Шат күлкілі даланы жат күй алды.

Қарсыласпай өлмедім, қан татырдым,
Құлап қалсам атымнан, қайта тұрдым.
Сансыз басты диюдай сан тіріліп,
«Мен — қазақпын» дегенді айта тұрдым.

«Мен — қазақпын» дедім хан Темірге де.
Жезтырнақша қадалды жебір неме.
Шыңғыс қорқау болғанда, мынау бөрі,
Біреуінен бірі кем елірді ме!?

О да құдай саналды, жұртты алдады.
О да мені өлтірді, құрта алмады.
О да кетті жегідей, жерімді отап,
О да салды денеме дыр таңбаны.

Таңба-таңба тәнімнің тыртықтары
Қатпарына қаншама сыр тықпады?
Шежіренің беттерін ашар о да,
Оқи алсаң кітаптай, сүртіп қанып.

Қан да, көздің жасы да сорықпады.
Күреңітті көлдердің борықтары.
Азан-қазан «Ақ табан шұбырынды»,
Ала топан жоңғардың жорықтары...

Мал айырылды дағдылы жайлауынан,
Жер айырылды жарлы елден, байлы ауылдан.
Қыран бүркіт адасты мекенінен,
Қыз жаңылды сертті сөз байлауынан.

Сарыарқада сарнады Асан қайғы,
Домбырадан бақсыдай бас алмады.
«О, қарт баба, еңсеңді көтер!— дедім,—
Көп күрсінсең, көңіл де қасаңдайды.

«Ару — жолда, мал — төрде, бала — белде»,
Уайым түбі — теңіз ғой, бара берме.
Жігер керек, жыр керек, жалау керек,
Қайрат күйі боп төгіл қаралы елге.

Жерімізде жау қолы жосығанда,
Тура айтуға тірі тіл шошығанда.
Жалғыз дауыс — домбыра емес пе еді
Қарсы барған қаныпезер Жошы ханға?

Күй емес пе ботасыз нар идірген?
Ән емес пе аққудай жар ілдірген?
Жыр емес пе жүрекке жел бітірген?
Олар барда дей алман тарылды іргем.

Жолдас емес адамға дүние боқ,
Жұмаққа да жүр қазір дін ие боп.
Өлең қалсын ұрпаққа, өнер қалсын,
Ата мирас мәңгілік дүние боп.

Ұлы аманат етейік еркіндікті,
Ел құлдықты білмесін, жер күддікті.
Аңсаймын мен, сенемін, туады ертең
«Қазақ болу — зор бақыт» дер күн тіпті...»

Сондай-сондай заманды кешкен елмін,
Жұт арытып, шөл қысып кешкен елмін.
Өшіп кетіп бір жайда жер бетінен,
Өзге орында балалап өскен елмін.

Дос та іздедім жау тисе болысатын,
Қыс қыстасып, жаз бірге қонысатын.
Еділ, Жайық, Ертісті сағаладым,
Үміт көрдім қаһарлы орыс атын.

О да қолын ұсынды тосқан таңдай.
Тар кезеңде табысқан достар қандай!
Жайып салдым алдына жанымды мен,
Аппағынан жарылған дастарқандай.

III

Жайып салдым сырымды дос алдына,
От басында, өрісте, қос алдында. —
Жан-жүрегі көзінен көрінетін
Қазақ, — дедім, — отырған осы алдыңда.

Көшіп-қонып жүргенім мал қамынан,
Өмір іздеп су, шалғын алқабынан.

Одан өзге тіршілік, кәсібім жоқ,
Не тауыпшын құранның әлхамынан.

Ұқсатамын оны мен қысыр малға,
Білем, бұл сөз — күпірлік мұсылманға.
Шынымды айтсам, алланың өзін де мен
Еске аламын кейде бір қысылғанда.

Шаригаттың шартынан үрке бердім,
Көргенім жоқ өмірге бір керегін.
Еркек болып сәлдені сыйламадым,
Әйел болып бетімді бүркемедім.

Жоқ, дін емес, мал — жаным, жер — кіндігім.
Жалайды итше жарамды-дертімді күн.
Күн астында гулеген желді сүйем,
Сүйем оның тежеусіз еркіндігін.

Келгенім жоқ дүниеге кемді күнмен,
Күн болмаса алар ем емді кімнен!
Хауанадай көңілшек түзден тудым,
Сүйем оның қиялдай кеңдігін мен.

Жарқын, жалпақ, жайбасар керіктігін
Табиғатым десем де еріктімін.
Сүйем оның самал таң, салқын кешін,
Сырға өзімдей түнінің беріктігін.

Келбетім бар шой қара құздарымда,
Жаралғандай ызадан ызбарлы о да.
Досыма кел, жауға шөл мінезімдей
Аптап шілде, ақ боран мұз-қары да.

Құшақтасам, сүйегім сынды деме,
Сүйе қалсам, тынысым тынды деме.
Жылай қалсам жұбатпа, мұңды деме,
Сақ-сақ күлсем секіріп, жыңды деме.

Құс ішінде ұнайды қыран маған.
Құрт құлаймын құласам, бұраңдаман.
Іштей сүйем, сүйсем мен, іспен сүйем,
Көлгірсімен, көзіңше ұрандаман.

Аққу, бұлбұл әнімен сылаң қақтым,
Сұлулыққа, өнерге сұғанақпын.
Сауысқан мен қарғадан жиіркенем,
Бірі сұйқылт, біреуі сырғанақ тым.

Қызық көрем жәндікте құмырсқаны,
Тырмысқаны тынымсыз тұрмысқа әлі.
Белі үзілген бейнетқор қайтер еді
Бітсе менің күшімнің бір мысқалы!?

Қолдан түспей ақ таяқ, шалғы орағым,
Қалт-құлт етіп тірнектеп мал құрадым.
Жұлдызбен тең мен қазған құдық саны,
Сүйем судың мөлдірін, бал бұлағын.

Сүйем гүлдің қызылын, қызғалдағын,
Қызыл алтын секілді ол қызғанда күн.
Искеп тұрып соны мен, бақ аңсаймын,
Болса өзгеде, жоқ және қызғанбағым.

Тамызықпын жолдасқа, пілтедеймін,
Жал-құйрығын атының күлтелеймін.
Өз үйімде тимеймін жауыма да,
Жығылғанға жұдырық сілтемеймін.

Құнықпаймын дүние-шолаққа мен,
Асым барда қуанам қонаққа мен.
Жолаушыға сатпаймын көлеңкемді,
Болса болды бірер ән — қонақ кәдең.

Даяшымын, бәйекпін, ең кішімін,
Демесе кім «мен тақсыр, мен күштімін».
Шоқпар боп та шекеме тимеген жоқ
Жомарттығым, аңқылдақ сенгіштігім.

Қазақтың да жоқ емес «жау шаптары»,
Қолымыздың бірдей ме саусақтары.
Есімімнен садақа кетсе олар,
Демес едім «қабырғам қаусап қалды».

IV

Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Қашан қазақ атандым мен азандап? —
Әлі күнге білмейсің, ей, адамзат.
Есіміме береді бала жасын
Құлпы тасты шұқыған кей азамат.

Өзі шешер тарих талас үнін,
Әйтеуір мен — адамның баласымын.
Екеу емес, адамзат біреу ғана,
Айырымы жоқ ақ өң мен қарасының.

Адамзатта айырым жоқ, адамда бар —
Адамдықта, әдетте, аран да бар.
Бөлтірігін жейтұғын бөрілер бар,
Бабасын да сатады арамға олар.

Ұл өсірдім, қыз бақтым — ұлан тудым
Жақсы ішінде кейде бір жылан тудым.
Хан-сұлтан боп, бай болып аждаһалар
Салды астына жұртымды лаң тудың.

Абылайды, Жәңгірді, хан Кенені
Қазақ өзі қашаннан аң демеді?!
Қылықтары еріксіз түссе еске,
Қан татыған аузыма дәм келеді.

Солар мені қамаған қараңғыға,
Соларды тек жебеді сараң құдай.
Мен де ұқтым көзімнің ашылмасын,
Озбырлықты отамай, қараң қылмай.

Өшпейтұғын от іздеп құр сандалған
Прометей мен болдым құрсауланған.
Жарқылдадым Исатай найзасы боп,
Махамбет боп тілінен жыр саулаған.

«Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кессем деп едім.

Еділдің бойы ен тоғай —
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда,
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қиратып,
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған хандардың
Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім...»¹

Қамшы үйірдім атойлап хан тағына,
Хан-сұлгандай қайырымсыз аң табына.
Жалаңдаған найзама жалт қарады
Қаңтарылған зар заман аңтарыла.

Кезіккендей бір сойқан сең селіне,
Теңселгенде қанды тақ еңсеріле.
Тұрып қалды жамбастап сүйеніп ап,
Ақ патшаның қап-қара семсеріне.

Тұрып қалды, түндігі желпілдеді,
Төне түстім, дауылым серпілмеді.
Өштескен соң өліспей бітіспеймін —
Не сен! Не мен! — болды тек сертім де енді.

V

Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөрегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда, күлкімнен түн түрілген.

Мен — қазақпын, Россия адамымын.
Ала бардым Неваға дала мұңын.
Мен де естідім шынжыры шылдырлаған
Петропавл түрмесі — қамалы үнін.

Қайран ұлы ел анадай көп балалы,
Тағдырымның бетіне дөп қарадым.

¹ Махамбет ақыннан.

— Шеттен таяқ жемесің мен тұрғанда,
Патша-екеңнен болмаса... — деп қалады.

— Жоқ, жоқ,— дедім,— мен оның пендесімін
Сол береді шапағат, ел несібін.
Ағзамына айтамын арызымды,
Танылады ұлындай енді есімім...

Сәби сенім, ақ үміт желіктірді,
Әлде алдамшы бір сайтан еліктірді.
Шағым етіп, дейінші, мен байғұсың
Қол қусырып сарайға келіп тұрды.

— Қазағыңмын, Алдияр, үмметіңмін,
Еділ, Жайық, Ертістің күн бетімін.
Күн астында күн көру қиындады,
Қуғын шектім, күзендей індетілдім...

— Тоқтат!— деді патшамыз,— қазағы кім?
Қазақ деген жоқ болса, азалы кім?
— Қара қырғыз, Алдияр, онысы бір, —
Деп нөкері көбейтті мазақ үнін.

— Мен — қазақпын, қырғыз ол — туысқаным,
Бірге тартқан тарланның құйысқаным.
Анамыз да қара кез бір қыз, бәлки,
Бөліп берген егізге уыс наным.

Ерке Талас, ер Манас — қырғыз деген,
Төскей, төсек, тілегі бір бізбенен.
Ол болуға, Алдияр, арланбаймын,
Ал қай құдай қазақты білгізбеген?..

— Болған емес, болмайды қазақ деген! —
Патша ашулы, шеккендей азап менен.
Әттең, әттең, айтқызса өз алдында,
— Ей, Алдияр, ақылың аз-ақ! — дер ем.

Шығысыңда сұр дала сұлап жатқан.
Қазынаң ол, мола емес күлап жатқан;
Бүлкілдеткен ұртыңды бифштекс —
Шопан ата көз жасын бұлап жатқан.

Менен, тақсыр, жерің аз жат сыр алған,
Қызметіңде қалбаңдап қат сыналғам.
Сен білмесең, біледі Наполеон —
Солдатың боп Сенадан ат суарғам.

Сонау орыс мұжығы, қара халық
Көрген емес көршіден дараланып.
Өгіз менен, соқа одан, білік одан,
Ортақ егін саламын, қара барып.

Екі тілде сөйлейді баламыз да,
Екі тілден тояды бал аңызға.
Даламызда жолығып тамыршылап,
Құда түсіп қоямыз қаламызда.

«Мариям Жагор деген орыс қызы,
Он алты-он жетіге келген кезі:
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,
Сондағы Мариямның айтқан сөзі:
Дудар-ай дудым,
Бір сен үшін тудым...»

Шіркеулер де, мешіт те былай қалды,
Жерде патша, аспанда құдай қалды.
Бөгеттер мен жасанды шекаралар
Бөле алмады, жалп етіп құлай қалды.

Қазақ атты мал баққан шаруаны
Қастерлейді Пугачев аруағы.
Тағы ерер ек тірілсе, тағы өлер ек
Күл астында тығулы қаруы әлі...

Бір жазықта тым ұқсас тумас еді,
Бір болмаса арманы, тұлға, шебі —
Ер Пугачев — қазақтың Исатайы,
Нар Исатай — орыстың Пугачеві.

Сезем, патшам, тағы бір жақнастығым:
Зәреңді алған жұртыңмен аттастығым.
Мен — қазақпын, ол — казак — қазақ, орыс,
Қынапта құр қос қылыш жатпас бүгін.

Дүбірлес ем дауылмен, мен бірлес ем,
Пушкин білді қазақты, сен білмесең.